

Н ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

апрель Сейсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Облыс мал шаруашылығының қызметкерлері! Мал қыстатуды ойдағыдай аяқтайық, сөйтіп, 1952 жылы мал шаруашылығын өркендету жөніндегі мемлекеттік жоспарды орындауға барлық мүмкіншілікті жұмылдыру арқылы мал шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде жаңа табыстарға жете берейік!


Онан берейік

малдардың қысыр қалуы ылатын болсын, сонымен ешкіні ішкі қажетке қысына тыйым салыңсың. Колхоздар мен совхоздарлығын өркендету мәселесі шұғылданатын мезгіл

басының өсуі және аман шығарылуы жайында жарлы жемшөп жыйнау орындауға тікелей ісін мал өсірушілеріміздің қиындығы және үстіміздегі қыстатудың сабағы айқын

Сондықтан қорамдық жемшөп қорымен қамтамасыз бастан тиісті қамқорлық. Әңгіме, жергілікті және ауылшаруашылық қысында колхоздарда, совхоздарда шөп жыйнайтын және басқа да құрал-жабдығын осы бастан тиісті тұрғандығы жөніндегі жұмыс сүрлеуге де көзіртуді қажет.

Май мерекесі құрметіндегі социалистік жарыс



Петропавл паровоз депосының слесарьлары В. Лесик және Ф. Сизинцев жолдастар 1 Май мерекесі құрметіндегі социалистік жарыста көрнекті табыстарға ие болып келеді.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) В. Лесик және Ф. Сизинцев жолдастар жұмыс үстінде.

Жаңа табыстармен қарсы алмақ

Октябрь ауданындағы жайбарақаттық

Колхозшылар қардың кетуін асыға күтіп отыр. Олардың мақсаты — егісті қысқа мерзім ішінде агротехникалық жағары дәрежеде өткізіп, мол өнім алудың берік негізін қалау.

Бірақ, Октябрь ауданының кейбір колхоздарының басшылары колхозшылар бұқарасының көктемгі егіске әзірлікті мерзімінде және сапалы аяқтау жөніндегі өскен белсенділігіне басшылық ете алмай отыр. Колхозшылар егіс жоспарымен, жұмыс графигімен әлі таныс емес. Олар социалистік жарысқа әлі күнге дейін толық тартылмаған, нақтылы міндеттемелер алмаған.

«Қазақстанның 30 жылдығы» ауылшаруашылық артелінде тұқым тазарту әлі аяқталған жоқ. Тұқым тазалауға, сорттауға колхозшылар жеткіліксіз бөлінген. Оның үстіне, бұл жұмысқа бөлінген колхозшылар жұмысты өнімсіз істейді. Олар жұмысқа кеш келіп, ерте қайтады. Осының салдарынан мұнда қолда бар тұқым қорын өңгіштік сапаға жеткізе тазалау ісі өте баяу жүргізіліп келеді. Мұнда 1200 центнер тұқым тазаланбастан жатыр. Сулы мен арпа тұқымы жеткіліксіз. Оны табудың қамына колхоз басшылары кіріскен де жоқ.

«Бірлік» колхозы егіс бригадасының бригадирі Сыздықов жолдастар көктемгі

сулы, арпа, тары, бұршақ, рыжик, бед және басқа дақылдардың тұқымдары жеткіліксіз. Ауылшаруашылық құрал-саймандарының жөнделуі бұл артельде әлі аяқталған жоқ. Жөнделуді кереметін арба, жәшік, жарма, қамытта ондап саналады. Осылай бола тұрса да, колхоз басшылары бұл құрал-саймандарды тұқырымды мерзімде сапалы жөндеп, егіске толық әзір етуге жете назар аудармай, істі мүлде бетімен жіберіп отыр.

Егіске әзірліктің жайы Коновалов МТС-нің қамтуындағы колхоздарда да мақтарлық емес. Мұнда тұқым дайындау өте кенже қалған. Мәселен, МТС-іміңдаған центнер тұқым қоймалары осы уақытқа дейін тазаланбай жатыр. Мұның негізгі себебі — тұқым тазалайтын қуатты машиналар іске түгел қосылмайды. Олар көбінесе өнімсіз пайдаланылады.

Мұнымен бірге, колхоздарда жергілікті тыңайтқыштар жыйнау, оларды егіс басына жеткізу де қанағаттанғысыз. Жоспар бойынша МТС қамтуындағы колхоздарда 4050 центнер көп, күл және күл сапырағы дайындалып, егіс басына тасылып алынуға тиіс еді. Бірақ, МТС басшылары мұндай аса маңызды агротехникалық шараны жүзеге асыруда колхоздарға нақтылы басшылық жасамайды. Осының салдарынан бұл жұмыс

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің II пленумы әрбір ауданда, әрбір колхоз бен совхозда мал қыстатуды ойдағдай аяқтау, төл алу науқанын үлгілі өткізу, мал шаруашылығын өркендету жоспарын малдың барлық түрінен сөзсіз орындау, мемлекетке мал шаруашылығы өнімін көптеп тапсыру, қоғамдық мал үшін тұрақты жемшөп қорын жасау шараларын қамтамасыз ету жөнінде партия ұйымдары мен совет, ауылшаруашылық орындарының, МТС, колхоз және совхоз басшыларының алдына аса жауапты міндеттер қойды.

Пленум қойған міндеттерді мінсіз орындау үшін мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын сөзсіз жүзеге асыру, осы мақсатта мал қыстатуды ұйымшылдықпен аяқтауға батыл шаралар қолдану керек. Партия ұйымдары, совет және ауылшаруашылық орындары малдың өліміне және талан-таражға салынуына жол бермеуге, жазғы мал жайылымын іскерлікпен ұйымдастыруға, кәзір, төл алудың жауапты кезеңінде мал күтетін малшылар бригадаларына көмекке қосымша қызметкерлер жіберуге тиіс.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті аналық малдың өсіп, көбеюі қанағаттанғысыз екенін атап көрсетіп, барлық малды төл есебінен өсіруді талап етті. Олай

білу қажет. Бұл жұмыстар мал шаруашылығы кадрларын оқыту, олардың мамандықтарын арттыру, барлық мал өсірушілердің өндірістік және саяси белсенділігін күшейту арқылы, социалистік жарыста алған міндеттемелердің сөзсіз орындалуы мәселелерімен ұштастырылатын болсын.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету және мал үшін жемшөп қорын жасау жөнінде машина-трактор станциялары зор роль атқарады. Ал, Образцова, Ново-Георгиев, Совет, Булаев, Калинин, сол сияқты, бірнеше МТС-тердің директорлары мен олардың саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары жемшөп қорын жасау мәселесіне күні бүгінге дейін немқетті қарап жүрсе, бұл — олардың қоғамдық мал шаруашылығына деген қамқорлығы жоқтығынан басқа ешнәрсені дәлелдемейді. Бұдан МТС-тер, олардың басшылары мен механикаторлары мал шаруашылығы ісімен тынбай шұғылдануға міндетті деген ұғым туады.

Облыс мал шаруашылығының қызметкерлері! Мал қыстатуды ойдағдай аяқтайық, сөйтіп, 1952 жылы мал шаруашылығын өркендету жөніндегі мемлекеттік жоспарды орындауға барлық мүмкіншілікті жұмылдыру арқылы мал шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде жаңа табыстарға жете берейік!

— 00 —

Леонардо да Винчидің туғанына 500 жыл толуына

Москвалықтар ұлы итальян художнигі Леонардо да Винчидің туғанына 500 жыл толуын кеңінен атап өтуде.

Осы датаға байланысты саяси және ғылыми білім таратудың Бүкілодақтық қоғамы 12 апрель күні Подтехникалық музейдің Үлкен лекциялық залында «Ұлы итальян художнигі Леонардо да Винчи» деген тақырыпта кеш ұйымдастырып, лекция оқыды. Лекцияны ССРО ғылым Академиясының мүшесі корреспонденті В. Н. Лазарев оқыды.

КАЗАН, 12 апрель. (СОТА). Татарстанның Мемлекеттік музейінде ұлы итальян художнигі Леонардо да Винчидің творчествосына арналған бүгін көрмесі ашылды. Көрмеге Леонардо да Винчидің 50-ден астам шығармаларының үлгі-нұсқалары қойылған. Художник шығармаларының арасында «Монна Лиза», «Мадонна Литта», «Гүл ұстаған Мадонна», «Мадонна тау шырдарының ішінде» деген суреттері мен автордың өз қолымен жасаған өзінің суреті бар.

Бәшпiлiк тұтыпатын товарлардың бағасы кемiтiлгеннен кейiн Совет ауданының колхоз, совхоз және МТС-терiнде советтiк сауда бұрынғыдан да өрiстегiле түстi.

«Араласап» колхозының дүкенiнде және Қыялы жұмысшылар кооперация-

сында, аудан орталығының дүкендерiнде май, ет, консервi сияқты азық-түлiк товарлары көптеп сатылып жатыр. Дүкен қызметшiлерi 1 Май мерекесi алдындағы социалистiк жарыс күндерiнде тұтынушыларды мәдениеттi қамту үшiн күресуi де.

Т. ТҰРСЫНОВ.

Колхоздарда қаржы дұрыс пайдаланылатын болсын

Облыс колхоздарында 1951 жылдың есебін жасағанда және финанс орындарының тексеруіне қарағанда, колхоз мүлкінің талан-таражға салу, қаржыны орынсыз жұмсау сияқты өрескелдіктердің орын алғандығы анықталды. Мәселен, Преснов ауданындағы Абай атындағы колхозда (председателі Сембаев Жолдас) күтімің нашарлығынан 26 жылды, 104 ірілі-ұсақты сыйыр малы, 69 қой-ешкі шығын болған. Ал, бұл — колхоз үшін 86.600 сом мемлекет қаржысынан айырылу болып табылады. Сонымен қатар, колхозда орнына салынбаған 23 мал бар. Солай бола тұрса да, колхоз басқармасы осындай орасан көп шығынды қалпына келтіру жөнінде әлі күнге дейін нақтылы шара қолданған емес.

Осы колхоз 1951 жылы ауылшаруашылық өнімдерін базарларда сату арқылы 29.198 сом қаржы тапты, соның небары 3500 сомы ғана мемлекеттік банкке тапсырылған. Түскен қаржыны банкке өткізбей жергілікті жерде жұмсау ағымдағы есеп бойынша көптеген қаржының орынсыз жұмсалынуы әкеліп соқты.

Преснов ауданының Ленин атындағы ауылшаруашылық артелиінде есеп жұмысы мүлдем бетімен жіберілген. Ең алдымен колхоз басшыларының мойнында көптеген қаржылар бар. Мәселен, жүн тапсырушы Молдашев колхозға 113 килограмм жүн, астық өлшеушілер Жунысов 60 центнер сұлы, Бегәлімов 101 центнер бидай, Баштаев 122 килограмм ет және түрлі 15 тері берешек. Осының

барлығы аталған колхоз үшін 117.895 сом шығын болып табылады. Колхоз басшылары ауылшаруашылық өнімдерін саудан түскен қаржының 22 мың сомын жергілікті жерде жұмсаған. Сонымен қатар, мемлекеттік банктен мақсатын алу үшін 23.320 сом қаржы алған. Осы қаржының 4.633 сомы аталған мақсатқа емес, колхоздың басқадай қажеттеріне жұмсалып, финанс тәртібі бұрмаланған.

Аталған колхоздар өткен жылы кіріс салығын уақытылы төлеп отырмағандықтан мемлекетке үстеме төлеуге мәжбүр болды. Ал, облыс бойынша колхоздар өз жұмыстарында осындай кемшіліктерге жол бергені үшін 50 мың сомға жуық үстеме төледі.

Осының барлығы да көптеген колхоздарда финанс жұмысының бетімен жіберілгендігінің, ауыл шаруашылығы орындарының және олардың бақылау-тексеру аппаратының жауапсыздыққа жол беруінің салдары болып табылады. Сонымен қатар, финанс орындарының да колхоздарға нашар көмектесіп келгендігін мойындау керек.

Жекелеген колхоздардың председателдері шаруашылықты жан-жақты және герең зерттеп, есеп және есеп беру жұмысында қажетті тәртіп орнатпады, колхоздар мен мекемелер, МТС-тер арасында өзара есеп айырысу ісіне немқұрайды қарап келді. МТС-тер мен колхоздардың өзара байланысы үлгілі договор негізінде жүзеге асырылады. Договор МТС-тің жұмысын онан әрі жақсарту үшін шығымдылығын арттыру және

болды. ларына бригадас айрықш. Колхозіндегі дағдыдай

ауыл өзіндік қуатты

Алайд МТС-тер

договорд

ғаламай, (директо

ғы тран

договорд

мерзімін

зімінен

жылы о

МТС до

трактор

агротехн

Ол-олма,

осындай

тырысы

Бірқал

ді жұмы

дығына

дәнді де

Жұмыст

дарынан

жер қай

бұл жұ

тылған

жағдай

және Б

берді.

Соны

елеулі

жылы

тылы

ала ал

колхозд

ақы тө

тықты

МТС

лері тр

рыс жұ

ҰЛЫ ОЙШЫЛ

(Леонардо да Винчидің туғанына 500 жыл толуына)

МЫСЫ

оран күндерін-
жүруге ұй-
ғызды бригада
ызу қолдады.
бу бойынша
локомотивке
ндағы талдау
ілді.

сапар шектік.
сымша су алы-
втің айналы-
асқартып, тех-
атына 2,1 ки-
тапсырманы
омотивтің бір
ппен алғанда
7 тонна отын
ржысы үнемдел-
дың мүшелері
тыққа алды.

лық жұмысқа
да мүшелері-
риалдар алды-
тер, бригада
оқығалар.
р жөнінде ең-
бір сапарлан
н талқылай-

мүшелері өз-
аяси білімде-
арнаулы мек-
ып жүр.
шелерін сөзін
ған сайын жо-
береді.

СЛЮНЬКО,

жетекшісі,

ҒЫ

Данышпан итальян суретшісі, ғалым және ойшыл Леонардо да Винчи бүкіл прогресшіл адамзат шексіз қымбат сапайтын мәңгі өшпес еңбектер қалдырған өткен замандардың ұлы мәдениет қайраткерлерінің тамаша сандақтарының қатарына қосылады.

Халықтардың ортақ мұрасы дүние жүзі искусствосының тарихына қосылған аса бағалы үлес болып табылатын көркемсуреттің тамаша шығармалары ғана емес, сонымен бірге итальян халқының дана ұлының алуан салалы ғылыми еңбектері де халықтардың ортақ мұрасы болып табылады. «Леонардо да Винчи ұлы суретші ғана болған жоқ, сонымен бірге ұлы математик, механик және инженер болды, өзінің ашқан маңызды жаңалықтары үшін физиканың алуан түрлі салалары оның алдында борышты», — деп жазған болатын Фридрих Энгельс.

Қала мәдениетінің өркендеуі, техника мен өндірістің табыстары, теңізде жүзу және сауданың күшеюі, Шығыспен байланыстың орнауы, — осының бәрі табиғаттанудың алуан түрлі салаларында көптеген жаңа фактілердің жыйнақталуына жеткізді. Бұл фактілерді жыйнақтап қорыту керек болды: тәжірибеге және ғылыми жолмен талдауға негізделген біртұтас ғылыми система жасау керек болды. Леонардо да Винчи өзінің еңбектерінде осы жаңа талданған табиғаттанудың зор программасын жасап берді.

Жаңа озат ғылымды жасау әруақытта жаңалық пен ескіліктің, өсуші мен өшпешінің кескілескен қатты күресі жағдайында болып келді. Леонардо да Винчидің заманында, «құдайға құлшылық еткен» ескі ғылым толық дағдарыс күйінде болды. Солай бола тұрса да, ескі ғылым жаңалық пен прогрестің бәрін құдалай отырып, өліп, құрып бара

сыяқты машиналар ойлап шығарды. Механиканың жаңа саласын — соққы теориясын жасай отырып, Леонардо да Винчи металдан түрлі заттар жасауды байқаудан алған бірсыпыра тәжірибесін өзінің еңбегінің негізі етті. Архитектурамен шұғылдана отырып, ол құрылыс



механикасының және материалдардың қарсыласу заңдарын зерттеді, архитектура-ның бұл саласында ол талдау зерттеулерін жүргізді, аркалар мен үйлердің төбе күнбездері туралы, үйлердің қабырғаларының шатынау себептері туралы кітап жазу үшін мәліметтер жыйнады.

Леонардо да Винчидің творчествосында су техникасы үлкен орын алды. Ол Арно өзенінің ағысын тәртіптеудің, По өзенінің бойында кеме жүретін және

еңбектері ұлы ғалымның өзі өмір сүрген заманынан анағұрлым озық болды.

Леонардо да Винчи сонымен қатар жер бір орыннан қозғалмайды және ол бүкіл әлемнің нақ ортасында тұр деген орта ғасырдағы ұғымды да батылдықпен бекерге шығарды. Жер, деп қуаттады ол, бірғана физика заңдары үстем болып отырған шексіз әлемдегі аспан жұлдыздары мен планеталарының бірі ғана.

Леонардо да Винчи өзінің көп еңбегін анатомияға арнады. Ол ғылымның бұл саласына адамның тұлғасының дем алыс кезіндегі және қымыл үстіндегі формасын шындықпен бейнелеуге тырысқан суретші болғандықтан ғана көңіл бөлген жоқ, сонымен бірге ғалым болғандықтан да адамның ішкі органдарының құрылысын зейін қойып зерттеді. Ұлы суретшінің және ғалымның шеберлікпен жасаған анатомиялық суреттері адамның организмінің құрылысын туралы тәжірибе арқылы қорытылған толық түсінік береді. Леонардо да Винчи сонымен қатар айуанның анатомиясын да зерттеп, олардың жаратылысын адамның жаратылысымен салыстырды. Ерекше назар аударатын нәрсе — ол бұл жұмысында тәжірибе әдістерін қолданды, атап айтқанда, бақаны пайдалана отырып, әртүрлі тәжірибелер жасады.

Леонардо да Винчидің еңбектері сол замандағы тарихи жағдайларға байланысты оның қайтыс болуынан кейін іле-шала тарамды. Сондықтан оның еңбектері ғылымның одан әрі дамуына тікелей және зор көлемде ықпал жасай алмады. Леонардо да Винчидің қол жазбаларына тұңғыш рет XVIII ғасырдың аяғында ғана көңіл бөлінді. Міне сол кезде, жаңадан ашылған ғылыми жаңалықтарға байланысты, Леонардо да Винчидің ұлы ғалым екендігі тұңғыш рет айқын болды. Оның еңбектерінің одан

Копенгагендегі Совет-Дания қоғамының конгресі

КОПЕНГАГЕН, 12 апрель. (СОТА). Копенгагенде кеше Совет -Дания қоғамының конгресі болды. Конгреске Копенгаген, Оденс, Орхус, Рандерс және басқа қалалардағы Совет -Дания қоғамы жергілікті бөлімдерінің өкілдері қатынасты. Конгресте қоғамның жұмысы туралы қоғамның председателі профессор Иорген Иоргенсеннің баяндамасы тыңдалды және қоғамның келешектегі жұмыстарының жоспары белгіленді. Конгресс қоғамның атын өзгертіп, оны Совет Одағы мен Данияның арасындағы қарым-қатынас жөніндегі Дания қоғамы деп атау туралы қарар қабылдады.

Конгресс Совет Одағы мен Данияның арасындағы қарым-қатынас жөніндегі Дания қоғамының председателі етіп профессор Иорген Иоргенсенді сайлап, қоғамның басқармасын қайта сайлады.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 13 апрель. (СОТА). Корей Халық -Демократиялық республикасы Халық армиясының бас командованиясі бүгін Корей Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірге американо-ағылшын интервенттеріне және лисыманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізумен болды, деп хабарлады.

ГРЕЦИЯДА КІСІ ӨЛТІРУГЕ, * ӘКІМШІЛІК ЗОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

АФИНЫ, 12 апрель. (СОТА). «Аллаги» газеті Аифиса абақтысындағы саясаттұтқындар атуды тоқтатып, өлім жазасына кесуге тыйым салып, елде тыныштық орнатуға көмектесуді сұрап, Біріккен Ұлттар Ұйымына хат жазғандығын хабарлады.

Ленин аудандық комсомол конференциясы

Жақында Ленин аудандық XVII комсомол конференциясы болып өтті. Онда аудандық комсомол комитетінің жұмысы туралы ҚЛКЖО аудандық комитетінің секретары Коваленко жолдас баяндама жасады.

Аудан комсомол ұйымының құрамы, — деді баяндамашы, — есеп беріп отырған мерзім ішінде сан жағынан болсын, сана жағынан болсын өсті, жастар бұқарасымен байланысы артты. Комсомолец жастар ауданының алдында тұрған шаруашылық, мәдени-құрылыс міндеттерін шешуге белсене қатысты.

Баяндамашы комсомолецтердің патриоттық істерін көрсететін көптеген мысалдар келтірді. Ол мұнан кейін аудан комсомол ұйымының жұмысында әлі де болса орын алып отырған кемшіліктерге тоқталды. Аудандық комитеттің бастауыш комсомол ұйымдарымен байланысы кем. Бастауыш комсомол ұйымдары секретарларының семинары жыл бойына 2-ақ рет өтті, штаттан тыс нұсқаушылардың оқуы мүлде ұйымдастырылмады. Бірсыпыра жерде жастарға саяси тәрбие беру ісі қанағаттанғысыз болып келеді.

Конференция делегаттары аудандық комитетті осы тұрғыдан сынап, комсомол ұйымдарының жұмысын жақсарту жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

— Біздің комсомол ұйымында, — деді «Бұлақ» колхозы комсомол ұйымынан келген делегат Сауытбаев жолдас, — комсомолецтердің саяси оқуы кезінде өтпейді. Осы сияқты, мәдени-ағарту жұмысының жайы да қанағаттанғысыз. Бұған алдымен біз кінәлі. Алайда, аудандық комитеттің қызметкерлері комхозда жиі болып, істің жайын нақтылы білу арқылы бастауыш комсомол ұйы-

мына басшылық жасаса, оның жұмысындағы олқылықтар кезінде жойылған болар еді.

Делегат Быков жолдас аудандық комсомол комитетінің басшылығындағы кемшіліктер жөнінде орынды сын көтерді. Образцовая МТС-і, — деді ол, — аудан орталығынан небары 8 километр жерде тұрады. Мұнда мәдени-көпшілік жұмысы бетімен жіберілген, клуб үйі осы күнге дейін жөнделген жоқ. Аудандық комитет бұл жөніндегі біздің дабылымызға құлақ асып, тиісті орындардың алдына мәселе қоюды ескермей келеді.

Жастарға идеологиялық тәрбие беруде лекциялық насихаттың зор маңызы бар екені мәлім. Алайда, аудандық комитеттің секретарлары Коваленко және Лехина жолдастар немесе басқа қызметкерлері жыл бойына МТС-ке келіп, жас механизаторлар арасында бірде-бір лекция оқыған емес.

«Красный сибиряк» колхозы комсомол ұйымының секретары Карпенко жолдас өзінің сөзінде комсомол ұйымы секретарларының семинарлары жоспарлы түрде, онда комсомол жұмысының толғағы жеткен мәселелерінің көп талқылануының қажеттігін айтты.

Жарыссөзде сөз сөйлеген «Память Ильича» колхозы комсомол ұйымының секретары Подоляк және басқа бірнеше жолдастар аудандық комсомол комитетінің жұмысындағы елеулі кемшіліктерді батыл сынаумен бірге, ол кемшіліктері жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

Конференция аудан комсомол ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды және аудандық комсомол комитетінің мүшелерін сайлады.

деп жазған. Міне мұның өзі оның Орта Азияның аса көрнекті ғалымының еңбектеріне зор көңіл бөлгендігін дәлелдейді.

Леонардо да Винчи өмірінің көбі Италияның екі ірі қаласында Флоренция мен Миланда өткізді. Флоренция тоқыма өнеркәсібінің орталығы болды, Милан өзінің мылтық жасаушыларымен және металл шеберлерімен аты шыққан қала болды. Кәсіпшілер ордасының өндірістік тәжірибесі ғалымның білімін байытты, бұл тәжірибені жыйнақтап қорыту нәтижесінде ол жиі иретін, жібек тоқытын және жүн қырқатын машиналар

дан күш жұмсады. Тағым, атап айтқанда, су астына түсетін бірсыпыра аспаптардың жобасын жасады.

Өзен жағалауларын судың шайып құлатуын байқай отырып, Леонардо да Винчи жердің бетін өзгертуде судың атқаратын ролі жайында қорытындыға келді. Ол сонау өткен замандағы Италияның және бүкіл Жерорта теңізі бассейнінің бейнесін суреттеп берді, теңізден алыс жатқан таулардағы теңіз айуанаттарының тасқа айналған қалдықтарының қайдан пайла болғандығын дұрыс түсіндірді. Леонардо да Винчи дүние жүзін топан суы қантайды деген діни кітаптың ертегісін бекерге шығарды. Оның

дағы күресіне арна бәрі адамды жек е сұмырайларға жат

Кашталестік құда шырлар мен қаналуш тұрмыс орнатын жа адамзат ойының ба адамзаттың данышп барлық байлықтарды көлемде пайдалана совет халқы өткен данышпан адамдарды лантты суретші жән шыл Леонардо да В меттеп, жоғары үст Пр

Конюхов ауданында

МТС-тің колхоздарға көмегі

Чистян МТС-і колхоздармен жасасқан шарт бойынша үстіміздегі жылы 4 мың койды электр қуатымен қыркуға міндетті. Бұл үшін МТС жуырда 12 қайшылы қой қырқатын агрегат алды. МТС мал азығын тұрайтын машина сатып алып, оны Куйбышев атындағы колхоздың мал фермасына орнатып берді. Бұл машина малға азықты ұсақтап беру ісін көп жеңілдетуге мүмкіндік берді.

Құрал-саймандар сатып алды

«Красная крепость» колхозы өз қажетінен артқан астықты колхоз базарында сатып, көп кіріс тапты. Бұл ақшаға колхоз жуырда 12500 сомға «Газ-51» автомашинасын сатып алды.

Колхоз іріленіп, егіс көлемінің артуына байланысты быйыл ондаған тырма, бірнеше сеялка және басқа да ауылшаруашылық құрал-саймандарын сатып алды.

Фермадағы жұмыстар механикаландырылуда

Куйбышев атындағы колхоз Чистян МТС-нен «ХТЗ» тракторын сатып алды. Кәзір колхоздың өз тракторы бар. Бұл трактордың қуаты мал фермаларындағы кейбір еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механика күшімен атқаруға пайдаланылуда. Қар кетіп, жер дегдісімен-ақ трактор құрылыс жұмыстарына және көмекші шаруашылықтарға пайдаланылатын болады.

Жаңа оқу үйі

«Большевик» колхозында колхозшылардың кітап оқу жөніндегі тілегі тыңғылықты өтеу мақсатында жаңа оқу үйі ашылып, ол саяси және көркем әдебиеттермен жабдықталды. Кәзір оқу үйі колхоздағы мәдениет ошағына айналуда. Лебязье селолық Советіне қарасты 3 колхозда да кітапхана жұмыс істейтін болды.

Кітап сауда

Кітап — совет халқы досы болып алды. Бекшілерінің де кітап ынтасы үнемі артып кітап саудасының көрініп отыр. Кәзір ғы мен селолық дүкені дерлік кітап сауда дануда. Өткен 2 айды аудан еңбекшілеріне түрлі кітаптары сатып

Құрылыс жұ

ның қарқыны

түсуде

Өткен жылы аудан бірнеше жаңа құрылған болатын жұмыстарының қарқын дан да қыза түсуде. мектепке арналған үйд сын июль айына дейін құрылысшылар өзара жарысты кеңінен өрісте шылар одағының 80 к салына бастаған асх таяудағы аз күн ішінд бітеді.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың партя және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс